



## "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 682 қаулысы

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы  
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес  
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында  
белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар  
министрі Дәурен Әскербекұлы Абаевтың «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесінің құрамына сайлануын қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев